АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛУЫМЕН МАҢЫЗДЫ

Елімізде мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті сипаттайтын әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің көп деңгейлі моделі құрылды. Азаматтары еңбек қызметін жүзеге асыруға қарамастан, әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек алады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру 2005 жылдан бастап жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қатерлер туындаған жағдайда әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейі ретінде енгізілді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық ресурстары жұмыс берушілер жұмыскерлер үшін, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын тұлғалар өздері үшін төлейтін әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптасады.

Ай сайынғы әлеуметтік аударымдарды жұмыс берушілер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (бұдан әрі – Қор) өз қызметкерлері үшін бір ең төменгі жалақы мөлшерінен кем емес және 7 ең төменгі жалақыдан аспайтын табысының 3,5 % мөлшерінде төлейді. Бұл ретте әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты жұмыскердің жалақысынан ұсталынбай, жұмыс берушілердің қаражаты есебінен төленеді.

Әлеуметтік аударымдардың уақтылы және толық түсуі әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда жұмыскерге Қордан әлеуметтік төлемдер алуға құқық береді.

1. Қордан еңбекке қабылеттіліктен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем бюджет қаражаты есебінен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Ол жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгілеу кезеңіне төленеді.

2. Қордан асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем бюджет қаражаты есебінен асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Ол асыраушысынан айырылған 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысанында оқитындарға 23 жасқа дейін жүзеге асырылады.

Сатып алу қабілетін қамтамасыз ету үшін бұл төлемдер жыл сайын ұлғайып отырады. Мәселен, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап төлемдердің жалпы сомасы өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға өсті.

Егер бюджет қаражаты есебінен алушылар үшін ағымдағы жылдың 1-сәуірінен бастап бюджет қаражаты есебінен алушылар үшін мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 54 608 теңгені құраса, ал Қордан жұмыс істеген азаматтарға төленетін төлемдерді есепке алғанда жалпы сомасы 84 353 теңгені құрады.

Егер бюджет қаражаты есебінен алушылар үшін асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап 45 627 теңгені құраса, ал Қордан төленетін төлемдерді есепке алғанда жалпы сомасы 76 443 теңгені құрады.

Осылайша, жұмыс істейтін халық үшін бұл төлемдердің орташа мөлшері жұмыс істемеген алушымен салыстырғанда шамамен30 мың теңгеге жоғары.

3. Қордан жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан босату себептеріне қарамастан тағайындалады. Төлем құқығы жұмыспен қамту орталығы немесе «Электрондық еңбек биржасы»порталы (enbek.kz) арқылы жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап туындайды. Төлем мөлшері соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40% құрайды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалады. 2021 жылы республика бойынша 105 564 адам 16,2 млрд. теңге, ал Қызылорда облысында 6180 адам 511 878,0мың теңге сомасында төлем алды.

Ана мен баланы қолдау мақсатында жұмыс істейтін әйелдер үшін Қордан әлеуметтік төлемдер қарастырылған.

4. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жүктілік және босану бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағы негізінде берілген демалыстың барлық күндеріне тағайындалады. Төлем мөлшері соңғы жылдағы орташа айлық табысқа және еңбекке уақытша жарамсыздық күндерінің санына байланысты. 2021 жылы республика бойынша 225 489 адам 123,6 млрд теңге, ал Қызылорда облысында 12 727 адам 5 176 732,4 мың теңге сомасында төлем алды.

5. Бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлем бала туған күннен бастап тағайындалады. Төлем мөлшері соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды. Екі немесе одан да көп бала туған кезде төлем әр балаға бөлек тағайындалады. 2021 жылы республикада 662 761 адам 154,5 млрд теңге, ал Қызылорда облысында 34 569 адам 7 210 799,6 мың теңге сомасында төлем алды.

Жалпы, 6,6 миллионға жуық адам міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар болып табылады. 2021 жылы 1,1 миллионнан астам адам 340 миллиард теңгеге жуық, ал Қызылорда облысында 59 693 адам14 316 658,3 мыңтеңге сомасында төлем алды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыруда жұмыс берушілердің Қорға әлеуметтік аударымдарды уақтылы және толық төлеуі маңызды фактор болып табылады, өйткені төлемдердің мөлшері жүйеге қатысу ұзақтығына және табыс деңгейіне тікелей байланысты. Осыған байланысты, әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш берердің алдында egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына (Халыққа қызмет көрсету орталықтары) немесе Қордың филиалдарына жүгіну арқылы әлеуметтік аударымдардың Қорға дұрыс және уақтылы түсуін тексеруді ұсынамыз.

Осылайша, белгілі бір әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде жұмыс істейтін азаматтар жұмыс істемейтін азаматтарға қарағанда мемлекеттік жәрдемақы және Қордан әлеуметтік төлемдер ала отырып артықшылыққа ие болады. Осыған орай, еңбек шартының болуы жұмыс істейтін азаматтарға тек еңбек қана емес, сонымен қатар әлеуметтік тәуекелдер туындағанда әлеуметтік кепілдіктер береді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толығырақ ақпаратты Қордың gfss.kz интернет-ресурсы арқылы алуға болады.

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы

ҚОРШАҒАН ТАБИҒАТ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

«Байкен-U» ЖШС өз қызметінде адам және қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басты және ерекше көңіл бөліп келеді. Қоршаған ортаны қорғау мақсатында, экологиялық мәселелерді насихаттау және ағарту мерзімді түрде жүргізіледі, яғни экологиялық апталықтар өткізіліп, кеніш нысандарында сенбіліктер ұйымдастырылады. Сондай-ақ, кеніш пен оған іргелес жатқан елді мекендерді (Байкенже, Билібай, Жаңақорған) көгалдандыру жұмыстары да жүргізіледі.

Осы тұрғыда, «Байкен-U» ЖШС-нің бастамасымен 2020-2021 жылдарда, Серіктестіктің «Харасан-2» кеніші өндірісінің қоршаған орта нысандары мен жергілікті тұрғындарға экологиялық және әлеуметтік әсерін бағалау мақсатында арнайы мамандандырылған «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-мен келісім-шарт жасап, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын.

Серіктестік ағымдағы жылдың 4 тамызында Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылдық округі әкімі аппаратының «Байкенже» ауыл клубында жергілікті тұрғындарын, ауыл әкімшілігі өкілдерін жинап, аталған жұмыстардың нәтижелерімен таныстырды.

Жиналыс барысында «Жоғары технологиялар институты» мекемесінің мамандары атқарылған іс-шараларға баяндама жасап, Серіктестік өкілдерімен бірге тұрғындардың сұрақтарына жауап беріліп, жиналысқа қатысушыларға ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері түсірілген кітапшалар таратылды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында «Харасан-2» кенішінің геотехнологиялық өрістер аумағында, кенішке іргелес аумақтардағы шаруа қожалықтарында, дайын өнімді «Жаңақорған транзит» ЖШС тасымалдау жолында, Сырдария өзені және ағызу арналарында және Байкенже, Билібай ауылдарында топырақ пен судан сынамалар алынып зерттелді.

Зерттеулер нәтижелері бойынша:

– Топырақтың табиғи құрамы сілтілі ортамен сипатталады (pH=8-9).

– Өндірістік нысандары аумағынан тыс ластану фактілері анықталған жоқ.

– Геотехнологиялық алаңда радиоактивтілік көрсеткіштері техникалық регламенттер мен Қоршаған ортаға әсерін бағалау талаптарына сәйкес келеді.

– Геотехнологиялық алаңдағы радиациялық фонның орташа мәні 0,2 мкЗв/сағ құрайды, технологиялық блоктардан тыс радиациялық көрсеткіштер жергілікті жердің табиғи фонынан аспайды (0,11-0,18 мкЗв/сағ).

– Кенішке іргелес аумақтағы жер үсті көздеріндегі су тұздардың табиғи құрамымен сипатталады.

Қоршаған табиғатты сақтаудың маңыздылығына байланысты өсімдіктер мен жануарларға зерттеу жұмыстары барысында олардың сирек кездесетін және Қызыл кітапқа енген түрлеріне, сондай-ақ, қауіпті (улы) түрлеріне ерекше назар аударылғандығы айтылды.

Сонымен қатар, зерттеу аймағында әлеуметтік сканерлеу мақсатында «Харасан-2» кенішіне жақын орналасқан елді мекендерді аралау; жер пайдаланушылармен кеңесу; көшпелі мал шаруашылығының көші-қон жолдарын қоса алғанда, қоршаған аудандардағы су мен жерді пайдалану; көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықты қосқанда су мен жер пайдаланушыларды анықтау; жер қойнауындағы мәдени мұра ескерткіштерін анықтау бойынша жұмыстар атқарылды.

Атап айтқанда, «Жоғары технологиялар институты» мекемесінің әлеуметтанушы өкілдері Жаңақорған ауданы әкімімен, 4 ауылдың (Жаңақорған, Кейден, Байкенже және Билібай) жергілікті тұрғындармен, ірі жер иелері, шаруа қожалықтарымен кездесіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын бағалау мақсатында тұрғындардан сұхбат алынып, сауалнама жүргізілген болатын.

Байкенже ауылының жергілікті қоғамдастығының төрағасы – С.Бекназаров және ауыл Ардагерлер ұйымының төрағасы – Б.Серкінбайұлы ағаларымыз жиналысқа қатысушылардың атынан баяндаманы оңынан қабылдап, лажы болса өндірістің халыққа кері әсерін тигізбей, сыйласып тиянақты жұмыс істеп, осылай халықпен жиі-жиі кездесіп тұрыңыздар деген тілектерін білдірді.

Жиналыс соңында Серіктестіктің бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары – Е.Смайлов Серіктестік өз тарапынан әрдайым жергілікті халықпен өзара іс-қимыл жасауға ұмтылатынын, аталған ғылыми-зерттеу жұмыстарының алдағы уақытта да жалғасын табатынын және ол жөнінде мүдделі жұртшылыққа таныстырылып ашық жарияланатынын айтып тәмамдады.

«Байкен-U» ЖШС
«Харасан-2» кенішінің
Өндірістік қауіпсіздік бөлімі

Бақұл бол, аяулы дос!

Өзгент ауылы, аудан тарихына тікелей сабақтасып жатқан айтулы ауылдың бірі. Бұл ауылдан елге белгілі, халық қалаулысы болған азаматтар өсіп жетілді. Осы елдің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосқан, қалаулы қариясы, кеше ғана арамызда қатар жүрген Мұхамед Сүлейменұлы 4 тамыз күні дүниеден өтті деген суық хабарды естігенімізде, сенер-сенбесімізді білмей қалдық. Ол көпші, аққөңіл, қайырымды жан еді. Ауылдағы үлгілі жанұяның бірі еді. Сүйген жары Мұбараккызы Айжамал екеуі, дүниеге 6 ұл, 6 қыз келтіріп, оларды тәрбиелеп, білім беріп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, 48 немере 13 шөбере көріп, дүниеден өтті. Өмірлік жары Айжамалға ұрпақтарын аманат етіп, көптеген арманды ойларын айта алмай кетті. Жатқан жерің жайлы, жаның жаннатта болсын. Алла рахымына бөлесін.

Қайғырып еске алушылар
ұл-қыздары, жары,
Әшім ұрпақтары атынан
Шәйдарбек қажы.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Өсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2022 жылы 15 шілде күні қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Алдан Аюпов көшесі №9 үйде тұрған азаматша **Қайназарова Найла Шарапқызының** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат. Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.

КЕНЕДЕН САҚТАНАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

Ауру қоздырғышын алғаш М.И.Чумаков тапқан. Қоздырғыш өз құрамында РНК сақтайтын вирус. Бұл ауруды таратушылар иксод кенелері болып табылады. Ол табиғи ошақ аурулары қатарына жатады. Ауру тасымалдаушы кенелердің кейбір түрлері ағзасында ауру қоздырғыш вирусын өмір бойы сақтап өтеді. Аурушаңдық көп ретте көктем мен жазғы маусымда тіркеледі.

Қырым-Конго қанды безгегінің жасырын кезеңі орта есеппен 2-7 күнге, кейде 12 күнге дейін созылуы мүмкін. Аурудың басталуы дене қызуының 39-41 градуске дейін жоғарылап, дененің қалтырауымен, қатты бас ауыру, буындардың, белдің, іштің, балтырдың ауруымен басталады.

Науқас әлсіреп, бүкіл ағзасы ауырады. Жүрегі айнып, құсуы мүмкін және бұл тамақ жеумен байланысты болмауы керек. Бетінің, мойны және көкірегінің жоғарғы бөліктерінің қызыл-қошқыл түске боялып, қызарады, көзі қанталайды, тамағы қызарады, көз қабығының қабынуы байқалады. 2-5 күндері қан-тамырлық белгілер басталады: ине шаншыған орындада көгеру пайда болады, науқастың көкірегі мен ішінде майда қан тамырлық бөртпелер пайда болады, мұрнынан, тісінің қызыл етінен, ішектерінен, асқазаннан, жатырдан кейде асқазаннан қан кету басталып, адамды қазаға ұшыратуы мүмкін.

Бұл дерттің қауіптілігі сол, осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, осы дерттің жұғуына себепші болады.

Осы кезге дейін бұл ауруды емдейтін арнайы емі жоқ. Сондықтан аурудың алдын-алу жолдарына зор мән беріледі.

Індетті болдырмас үшін басты жағдайлардың бірі адам тұратын жерлерде кенелерді жою шараларын жүргізу ауру тарататын кенелердің көбі үй жануарларының қанмен қоректенеді. Сондықтан малға кене жабыспау үшін малды дәрілеп, тоғыту керек. Осы жерде айтатын басты мәселе, малға жабысқан кенені еш уақыттта қайшымен қырқып, қолмен жұлып алуға болмайды.

Кенесі көп жерде сақтану үшін арнайы киім (комбинизон) киіп жүру керек. Егер ол болмаса шалбардың балағын етіктің ішіне салып, белбеумен байлаған жөн. Үйге қайтқанда басты басты, мойынды, қолтықтың астын мұқият қараған дұрыс. Денеге жабысқан кенені ақырын еппен алу керек.

Ол үшін кененің үстіне сұйық май немесе керосин тамызса, кененің тыныс мүшелері бітеліп, тез шығуына себепкер болады. Ал жұлып алғанда, оның аяғының тікенектері адамның терісінің астында қалып қояды да жара пайда болады.

Кенені алып тастаған соң орнына иод немесе спирт жағу керек. Ешқашанда кенені сығып өлтіруге болмайды, өйткені оның вирусы тері арқылы адам денесіне өтіп кетуі мүмкін.

Кене шаққан адамдар міндетті түрде емдеу мекемелеріне қаралып, екі апта дәрігерлік бақылауда болғаны жөн. Кене шаққанда ол өзінің сілекейімен арнайы фермент бөледі, сондықтан кененің шаққанын білмей қалуымыз мүмкін. Денеге жабысқан кенені байқасаңыз, сұйық май тамызып, пинцетпен немесе жіңішке жіпті кененің тұмсығына орап алып, ырғап-ырғап алу керек. Кенені бірден жұлып алуға болмайды.

Кенелер көктем айларында қысқы ұйқыдан соң аш болғандықтан, кез келген жылы қанға ағзаға шабуыл жасайды. Кенелерде жылы қандылардан бөлінетін инфрақызыл сәулелерді дәл анықтайтын сезім мүшелері жақсы жетілген. Қанға тойған әрбір кене 10 мыңға дейін жұмыртқа тастап, өз денесіндегі вирусты ұрпағына трансовариалды жолмен береді яғни вирус тасымалдаушы кенеден тараған ұрпақ түгелімен қырым-конго қанды безгегінің вирусын жұқтырады.

Алдын-алу жұмыстары медициналық, ветеринарлық, шаруашылық және атқарушы органдардың қатысуымен кешенді түрде жүргізіледі. Оның ішінде науқастарды ерте анықтау, оларды оқшаулап, емдік шараларын көру, ауру ошағында залалсыздандыру жұмысын жүргізіледі.

Сонымен қатар зоологиялық-паразитарлық топ жұмыс жасайды. Далалық материалдар жинақталып, зертханаларда зерттеледі. Қолайсыз деп саналатын аймақтарды кенеге қарсы улау шаралар елді мекендердің айналасында 300 метр радиуста санитарлық-қорғаныс белдіктері құрылады.

«Сақтансаң сақтаймын» деген қағиданы ұстана отырып, әркімнің денсаулығы өз қолында екенін ұмытпасаңыздар!

Нысанкүл ӘМІРХАНҚЫЗЫ,
аудандық СЭББ бас маманы

ЖАСТА БЕРГЕН ТӘРБИЕ – ЖАС ШЫБЫҚТЫ ИГЕНДЕЙ

Тәуелсіз елімізде ұрпақ тәрбиелеу мәселесінде білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде жұмыстар атқаруда. Сондай үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы саналатын балабақша ұйымының маңызы зор. Бүлдіршіндерді болашақта инабатты да ибалы, үлкен-кішіні сыйлай білуге баулу ата-ана мен балабақша тәрбиешілерінің басты міндеті.

Әуелі «бала үшін ата-ана кім?» деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Ата-ана бала үшін мына әлемдегі ең мәртебелі адам. Баланың өзін еркін сезінетін ортасы – өз үйі. Осы орайда бүлдіршіннің дамуында ата-ананың отбасындағы орны мен қарым-қатынасы ерекше. Сондықтан әке-шеше жанұяда қолайсыз жағдайларды болдырмаудың жағдайын жасауы керек. Мұндай жағдай баланың жүйке-жүйесіне әсер етеді. Бірақ бұл баланы шектен тыс еркелетіп, бетін қақпай өсір деген сөз емес. Қайта балаға отбасылық өмірдің қыры мен сырын түсіндіре отырып, әдептілікке баулу керек. Себебі күнделікті өмірде әке-шешенің әрбір іс-қимылы балаға үлгі. Егер баламен сөйлесерде дөрекілік танытпай, жеке басын қорламай, мейірімді, ақылды сөздер айтып, өнеге бола білсе, ата-ана берген тәрбиесінің жемісін көрмек.

Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру қазіргі заманда қоғамның негізгі мәселесі болып тұр. Демек, жас жеткіншектің ана тілін толық меңгеріп, ұлттық сана-сезімін оятып, түрлі әдіс-тәсілдерді тәрбие құралы ретінде бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемелердің орны ерекше. Соның ішінде қарапайым дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Бұл жерде имандылық пен адамгершілікті бала бойына сіңіре отырып, дүниетанымын кеңейту мақсатында тәрбиелейді. Сонымен қатар жас ұрпақтың сана-сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастыру тәрбиешілер мен ата-ананың парызы. Осы тұрғыда жанұя мүшелері балабақша ұжымымен тығыз байланыста болуы керек. Бұл бала тәрбиесінің жоғарылауына ықпал етеді. Бұдан шығатын нәтижеде бүлдіршін өміріне, болашағына ата-ана мен тәрбиешінің жауапкершілігі артады. Қоғамда «қиын бала» мәселесін болдырмау үшін бүлдіршіндермен балабақша табалдырығынан бастап шынайы ашық та жанашыр қарым-қатынаста жұмыс жасау үйлесімді келешектің кепілі.

Балабақша – бала бойына алғашқы білім дарытатын ұйым болса, тәрбиеші – жол көрсетіп, жетелеп, үйретуші. Яғни бөбекжайдың негізгі міндеті баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл кезең бүлдіршіннің ақыл-ойының дамуы мен даярлығы үшін қолайлы. Оқу мен тәрбиені қатар ұштастырып, мінез-құлқының негізі қалыптасатын уақыт.

Еліміздің ертеңі болар ұлағатты ұрпақ өсіру әуелі жас өркенді отансүйгіштікке тәрбиелеуден басталады. Олай болса, бала бағбандары қазақ елінің болашағын тәрбиелеп келе жатқандығын шынайы сезінеміз. Тек тәрбиешілер осы сенімге селкеу түсірмей, бала ойын дамытуда, ұлт болашағы үшін алаңдайтын ұрпақ тәрбиелеуде ата-анамен бірлесе отырып жұмыс жасауы керек.

Қарлығыш ӘЛІМБЕТОВА,
№5 «БАЛҒЫН»
балабақшасының тәрбиешісі

Хабарландыру

Кент әкімдігі қызметкерлері көше тұрғындарымен бірлесіп шілде айының 21-інен бастап «Таза Жаңақорған» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында жұмыс істеп келеді. Мақсаты – экологияны жақсарту, адамдарға табиғатқа ұқыптылықпен қарауды түсіндіру. Бұл бағыттағы жұмыстар 9 аймаққа бөлінген кент көшелерінің тұрғындарымен бірлесіп атқарылуда. Алдағы уақытта санитарлық тазалықты сақтамаған әр тұрғын Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 505-баптың «Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы обьектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру» бойынша айыппұл арқалайтын болады.

1. Осы Кодекстің 381-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендердің инфрақұрылым объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру бойынша ескерту жасауға жеке тұлғалар үшін – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта қайталанса жеке тұлғаларға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатын болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 434-2-баптың «Ортақ пайдаланылатын орындарды ластау» бойынша:

1. Ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, сквелрлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл арқалайтын болады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ендеше заң – қоғамның негізгі тірегі. Ал оған бағыну бәрімізге ортақ.

"Жаңақорған кенті әкімінің аппараты" комуналдық мемлекеттік мекемесі